

"Арал ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы"

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2025 жылғы 11 ақпандағы №345 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабы 1) тармақшасына, 13-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №145 "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі №263 "Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы" бұйрықтарына сәйкес, Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арал ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №358 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Б. Турахметов

Арал аудандық мәслихатының
2025 жылғы "11" ақпандағы
№ 345 шешіміне қосымша

"Арал ауданы бойынша 2025 – 2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар"

1. Осы жоспар Арал ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабы 1) тармақшасына, 13-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №145 "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі №263 "Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы" бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа деген қажеттілікті орнықты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

3. Жоспарда мынадай қосымшалар қамтылған:

1) осы Жоспардың 1-қосымшасына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың жер санаттары бөлінісінде орналасу схемасы (картасы);

2) осы Жоспардың 3-қосымшасына сәйкес ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетілген схема (карта);

"Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11064 болып тіркелген) сәйкес жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын сақтау;

жайылым айналымын және суды пайдалану көздерін ескере отырып жайылымдарды пайдалану;

жайылым алаңдарын жекеленген өріс учаскелеріне бөлу;

жайылым учаскелерін жыл маусымдары бойынша кеңістікте және уақытпен (маусым, жыл ішінде) кезектестіру;

жайылым айналымы учаскелерінің бірін жайылымсыз және ауыл шаруашылығы жануарларынсыз жыл сайын қалдыру.

4. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеу кезінде:

өңірдің жер балансының және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің деректері;

жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау мәліметтері;

мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) туралы мәліметтер;

жайылымдық инфрақұрылым объектілері туралы және ауыл шаруашылығы жануарларын айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер;

иелерін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларының сәйкестендіру деректері базасынан алынған ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы саны туралы деректер;

[illegible]

		4332433 00	Ерімбет жаға	6737						
15	Қаратер ең	4332451 00	Қаратер ең	5366						
		4332453 00	Жаңако ныс	688						
16	Қосаман	4332461 00	Қосаман	6211						
		4332462 00	Ақеспе	3809						
17	Қосжар	4332481 00	Қосжар	1717						
18	Құланд ы	4332471 00	Ақбасты	16425						
19	Мергенс ай	4332491 00	Жалаңа ш	7367						
		4332492 00	Тастүбе к	21710						
20	Аққұм	4332531 00	Шижаға	21242						
		4332533 00	Күршек	6047						
21	Райым	4332551 00	Қызылж ар	1919						
		4332556 00	Шөмішк өл	6071						
22	Сазды	4332561 00	Сазды	7785						
23	Сапақ	4332591 00	Сапақ	5141						
		4332591 00	Көктем	2829						

8. Арал ауданы Қызылорда облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Аудан көлемі шөлейтті аймақ зонасына жатады. Топырағы қоңыржай. Жайылымды тиімді пайдалану, оның тозуына жол бермеу, әр малдың жақсы жейтін шөбіне қарай орналастыруға да байланысты.

9. Арал ауданының климаты тым континенттік. Орташа ауа температурасы қаңтарда – 13 – 15°C, шілдеде 24 – 35°C. Жауын-шашынның мөлшері 100 мм-ге жуық. Аязсыз күндер саны 160 тәулік, қар жамылғысы жұқа (10 см), ол 80 күндей жатады. Вегетация кезеңінің жылдық температура жиынтығы солтүстігінде 3400 °C, оңтүстігінде 3800 °C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері солтүстігінде 150 мм, оңтүстігінде 105 мм. Оның 80%-ға жуығы көктем мен күз айларына келеді. Атмосфера қуаңшылықтың орташа мөлшері 50 тәулік. Аудан өте құрғақ агроклиматтық ауданға жатады. Сондықтан гидротермиялық коэффициент 0,3-ті құрайды, яғни

ылғалдылығы өте төмен аймаққа жатады. Аудан аумағында желдің басым бөлігі солтүстік-шығыс (22%) және оңтүстік-батыстан (18%) соғады. Қыста солтүстіктен соғатын жел 24%-ды құраса, жаздағы жел 26%-ды құрайды. Желдің жылдық орташа жылдамдығы 4 – 4,5 м/с.

10. Ауданда ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуге жер асты сулары пайдаланылады.

11. Ауданда ауыл шаруашылықтың негізгі саласы мал шаруашылығын өсіру болып табылады.

12. Қазіргі таңда ауданда 36421 бас түйе, 60193 бас мүйізді ірі қара мал, 102263 бас мүйізді ұсақ мал, 56675 бас жылқы бар.

13. Ауданда 23 мал қорымы және 23 ветеринариялық пункттер жұмыс жасайды.

Ветеринариялық - санитариялық объектілер туралы мәліметтер:

№	Ауылдардың, ауылдық округтің атауы	Ветеринариялық пункттері	Мал тоғыту орындары	Қолдан ұрықтандыру пункттері	Мал қорымдары	
					жоспарланған ы	салынғаны
1	Сексеуіл	1	-	-	-	1
2	Жақсықылыш	1	-	-	-	1
3	Аралқұм	1	-	-	-	1
4	Аманөткел	1	-	-	-	1
5	Акирек	1	-	-	-	1
6	Атанши	1	-	-	-	1
7	Бекбауыл	1	-	-	-	1
8	Беларан	1	-	-	-	1
9	Бөген	1	-	-	-	1
10	Жаңақұрылыс	1	-	-	-	1
11	Жетес би	1	-	-	-	1
12	Жінішкеқұм	1	-	-	-	1
13	Қамыстыбас	1	-	-	-	1
14	Қарақұм	1	-	-	-	1
15	Қаратерең	1	-	-	-	1
16	Қосаман	1	-	-	-	1
17	Қосжар	1	-	-	-	1
18	Құланды	1	-	-	-	1
19	Мергенсай	1	-	-	-	1
20	Аққұм	1	-	-	-	1
21	Райым	1	-	-	-	1
22	Сазды	1	-	-	-	1
23	Сапақ	1	-	-	-	1
	Барлығы:	23	-	-	-	23

14. Жайылым өнімділігін анықтау үшін геоботаникалық зерттеулердің деректері қолданылды. Жайылымдардың құрғақ массада орташа өнімділігі 7,0 -8,8 центнер/гектар құрайды. Шабылған шөп пен жасанды шабылған шөптің қосалқы азығы қыстау кезеңінде қолданылады.

15. Жайылым сыйымдылығын анықтау, жайылым кезеңінде оның өнімділігі туралы деректер негізінде құрылған. Шамамен алғанда, малдар үшін азықтардың келесі нормалары алынды (орта есеппен бір мал үшін): мүйізді ірі қара мал - 4 кг, мүйізді ұсақ мал - 2 кг, жылқы және түйе - 6 кг. Жайылым кезеңінің ұзақтылығы 170-180 күнді құрайды. Бұл тұрғыда, жайылым өнімін, жануарлар үшін азықты бір күнде қажет ету көлемін, жайылым кезеңінің ұзақтылығын біле отырып, жайылымның сыйымдылығын анықтауға болады.

16. Екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі, сонымен қатар жайылым айналымының ұзақтығы;

2) топырақ климаттық аймаққа, ауыл шаруашылығы жануарлар түрлеріне, сондай – ақ жайылым айналымына тәуелді;

3) далада – 170-180 күн;

4) шөлейтте – 160-180 күн;

5) Мал жаю ұзақтығы: сүтті ірі қара малдар үшін минималды, етті ірі қара малдар, қой, жылқы, түйелер үшін – максималды және қар жамылғысының тереңдігі мен тығыздығына және басқа да факторларға байланысты.

17. Малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер.

Арал ауданы бойынша малды айдап өту жолы 150 км құрайды.

Ескерту: аббревиатуралардың ажыратылып жазылуы:

га – гектар;

С – Цельсия көрсеткіші;


мм – миллиметр;

кг – килограмм;

км - километр.

Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарға
1-қосымша

Әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың жер санаттары бөлінісінде орналасу схемасы (картасы)



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

- Шаруа қожалығын жүргізу үшін арналған жерлер
- Өнеркәсіп жерлері
- Орман қоры жерлері
- Босалқы жер қоры
- Елді-мекендер шекаралары

Атауы	Аумағы (га)
Шаруа қожалығын жүргізуге арналған жерлер	664930
Өнеркәсіп жерлері	16058,2
Орман қоры жерлері	1074087
Босалқы қоры жерлері	1534973

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

ЕЛДІ-МЕКЕНДЕР

- - Арал ауданының орталығы
- - Басқа елді-мекендер

ШЕКАРАЛАР

- ТМД республикалары
- облыстар
- аудандар
- жергілікті мекендер

ТАСЫМАЛ ЖОЛДАРЫ


- Темір жолдар
- Автожолдар
- Даладық жолдар

ГИДРОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТОНЫРАК ЖАМЫЛҒЫСЫ

- - Құдықтар
- - Сор
- - Құлама жер
- - Құмлар
- - Батпақ

Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
Пайдалану жөніндегі жоспарға
2-қосымша


Жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтаждығына арналған жайылымдар, оның ішінде қоғамдық жайылымдар белгіленген схема (карта)



№	Елді мекеннің атауы	Жайылымдардың жалпы алаңы, мың гектар
1	Сексеуіл	4701
2	Көнту	105
3	Жақсықылыш	3389
4	Аралқұм	4923
5	Шөміш	4103
6	Мойнақ	7149
7	Аманөткел	4126
8	Аққұлақ	1740
9	Ақшатау	423
10	Хан	90
11	Ақбай	1284
12	Жінішкекұм	7355
13	Бекбауыл	3638
14	Үкілсай	6211
15	Құмбазар	1334
16	Құланды	14049
17	Бөген	7813
18	Қарашалаң	7049
19	Жанакұрылыс	335
20	Райым	3456
21	Ескіұра	3664
22	Тоқабай	9824
23	Қамыстыбас	5158
24	Абай	13279
25	Ермбетжаға	6737
26	Қаратерен	5366
27	Жаңақоныс	688
28	Қосаман	6211
29	Ақөспе	3809
30	Қосжар	1717
31	Ақбасты	16425
32	Жалаңаш	7367
33	Тастүбек	21710
34	Шияға	21242
35	Күршек	6047
36	Қызылжар	1919
37	Шөмішкөл	6071
38	Сазды	7785
39	Сапақ	5141
40	Көктем	2829


Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарға
3- қосымша

Ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетілген схема (карта)



Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарға
4-қосымша

Ауылшаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, малайдайтын трассалар және жайылымдық инфрақұрылымның өзге де объектілері, сондай-ақ мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) белгіленетін схема (карта)




Елді мекен шекаралары



Жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар

Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарға
6-қосымша

Халықтың жеке ауласындағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю жөніндегі мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында резервке алынуға жататын жайылымдарды белгілейтін схема (карта)




 Аудан шекарасы

 Елді мекен шекаралары

 Резервке алынуға жататын жайылымдар

Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарға
7- қосымша


Суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, қазандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы



- Аудан шекарасы
- Елді мекен шекаралары
- Құдықтар

Арал ауданы бойынша
2024-2028 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі жоспарға
8-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларының басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Ауданшекарасы



Елдімекеншекаралары



Жерпайдаланушылар



Мал басыншалғайдағы




жайылымдарға орналастыру

Ұсынылатын жайылым айналымдары



Арал ауданы бойынша
2025-2029 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі жоспарға
9-қосымша

Ауылдық округке кіретін ауылдық елді мекендер арасында жайылымдарды жобалық бөлу (қайта бөлу)



- Аудан шекарасы
- Елді мекендер
- Жер пайдаланушылар
- Ерекше қорғалатын аймақ
- Жайлауға көшу
- Қыстауға көшу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК